



№ 15 жалпы білім беретін орта мектеп Общеобразовательная школа № 15

Газет 2016 жылдан бастап шығады

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӘДЕБИ-ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТ

№04 ақпан 2018 ж

«Би алаңы»

«Өмірге «иә» деп айт»
Республикалық айлығының және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында мектебімізде «Би алаңы» атты 5-11 сынып аралығында би сайысы болып отті. Бұл сайыс осымен мектебімізде 3 рет отті, мектебіміздің дәстүрлі іс- шарасына айналды. Бұл сайысты үйімдестердеги мақсат оқушыларды би онеріне баули отырып, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, оқушылардың бос уақытын үйімдестердеги болып табылады.

Сайыс 2 кезеңнен тұрды. Бірінші кезең командаларды таныстыру болса, екіншісі «Рухани

жаңғыру» тақырыбындағы хареографиялық композиция көрсету болды. Әр бір комнада өздерінің жас ерекшеліктеріне сай керемет өнер көрсетті. Бірі заманауи, бірі ұлттық



нақышта би билеп көрерменді таң қалдырды. Бимен ғана шектеліп қоймай 7 «а» сыныбының командасы өздерін мюзикл қою арқылы таныстырып ерекшеленді. Әр команданың киген күйдері көздің жауын

аларлықтай, бірінен бірі асарлықтай тартымды болды. Сайыс корытындысы бойынша Бас жүлдені 6 «а» сынып қыздары, I орынды «10» а сыныбы, II орынды 11 «а» сыныбы, III орынды 5 «а» сыныбы иеленді. Барлық қатысушылар мақтау қағаздарымен және әр түрлі сыйлықтармен марапатталды. Мектебіміздің дәстүріне арналған бұл сайыс әлі талаадай өнерпаздарымыздың бағын жағарына сенімдіміз.

Аға тәлімгер

1-НАУРЫЗ

**АЛҒЫС АЙТУ
КҮНІ!**

**БІР –БІРІМІЗГЕ
РИЗАШЫЛЫҚ
БІЛДІРУДІ
ҰМЫТПАЙЫҚ!**

Бүгінгі санда:

Талант, музыка, балалар 2

Бастауыш сынып онқұндагы 2

Менің отаным ҚАЗАҚСТАН 3

Біздің мектепте БУККРОСИНГ 3

Экологиялық фести- ВАЛЬ 4

Алғыс айту күні 4

Окушы шығармашылығы 5

Құттықтау 6

“Талант, Музыка, Балалар”



Ақпанның 2 жүлдөзинде Қалалық шыгармашылық

балалар үйінің үйімдестердеги мен откен «Талант, Музыка, Балалар» атты өнерпаздар сайысы болып отті. Сайысқа Қостанай қаласының түкпір—түкпірінен, өала мектептерінен

талантты, өнер сүйер балалар қатысты. Осы сайыстан біздің мектебіміздің де балалары құр қалмай өздерінің бақтарын сынап келді. Олар 4 сынып оқушысы Жанболатқызы Назерке, 7 а сынып

«Талант, Мұзыка, Балалар»

окушысы Жунусова Камила және 8 а сынып окушысы Бейсенова Қарлығаш болды. Бұл окушылар «Вокал» номинациясы бойынша өз өнерлерін көрсетті. Эр қатысушы өздерінің жас ерекшелігіне байланысты ән шырқап, 2 турға жолдама алды. 2

турдың қорытындысы бойынша біздің мектебіміздің 7 а сынып окушысы Жунусова Камила гала концертке өнер көрсетуге шақырылды. Әділ қазылар шешімімен барлық қатысушылар дипломдармен мараппатталды. Солардың бірі Жунусова Камла I дәрежелі



дипломмен мараппатталса, Бейсенова Қарлығаш қатысушы дипломымен

қатысушы дипломымен мараппатталды. Ал кішкентай Назеркені әділ қазылар мақтап, ән өнерін әрі қарайцадамыту қажет екендігі жайлыш айтып өтті.

«Жас ұлан» мектеп комитеті

*Aқырын жүріп анық бас,
Еңбегің кетпес далага.
Ұстаздық еткен
жасықпас,
Үйретуден балага—ден
Абай атамыз айтқандай
мектебіміздің бастауышы
сынып мұғалімдерінің
ұйымдастыруымен
жасақында онкүндік
өтті. Осы онкүндікке
мектебіміздегі барлық
бастауышынып
окушылары қатысты.
Онкүндік аясында
сыныптар арасында
«Білімділер бекеті»
марофоны,
Елбасымыздың
«Болашаққа бағдар:
Рухани жаңғыру» бағдарламасы
бойынша «Тұган жер»
ессе байқауы,
«Мәнерлеп оқу»
сайысы, «Қолөнер»
және «Жас суретші»*

байқаулары болды. Атальған сайыстармен байқауларға барлық бастауышынып окушылары бір кісідей ат салысты. Мәнерлеп оку сайыстарында мектебіміздің ақын балалары, сурет сайысында жастайынан суретке құмар балалар анықталды.

Мұғалімдер таңдалған пәндері бойынша ашық



сабактар жүргізді. Оның дәлелі ретінде, онкүндіктің жабылуын

ерекше айтып өтүге болады. Жабылу кеші «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» тақырыбында өткізілді. Жабылу кешінде окушылар «Болашаққа бағдар: Рұғани жаңғыру» атты Елбасымыздың мақаласындағы бірнеше бағы-тын атап өтті. Айттар болам; «Бәсекеге қабілеттілік, Прагматизм, Сананың ашықтығы, Қазақстанның революциялық емес, эвалюциялық дамуы, Білмнің салтанат құруы, Ұлттық бірегейлікті сақтау». Жабылу кешінде байқаулар мен сайыстарға қатысып жүлдеделерге ие болған окушылар

кешінде байқаулар мен сайыстарға қатысып жүлдеделерге ие болған окушылар мараппатталды. Сонымен қатар окушылар Отан туралы көркемсөздер оқып, күй тартылып, әндер шырқалып, би биленді. Мектебіміздің домбырашылары керемет оркестр құрып, өнер көрсетті. Біздің еліміздің атағын шығарар болашак өнерлі үрпақтың тәрбиеленіп келе жатканы осы апталық барысында айқын көрінді.

**Есенгөжина З.П
Бастауышынып мұғалімі**

«Мениң отаным - Қазақстан»



Мектебімізде ақпан айында «Мениң отаным—Қазақстан атты» фестиваль болып өтті. Фестивальге мектебіздің барлық сыныптары белсene қатысты. Фестиваль аясында мынадай конкурстар өтті.

- ◆ «Мениң шағын Отаным» фотоколлаждар конкурсы
- ◆ «Өжет» спорттық ойындары
- ◆ «Біздің уақытымыздың батыры» суреттер байқауы
- ◆ «Қазақстан-бейбітшілік пен келісім мекені» эссе байқауы «Мектеп өміріндегі біздің роліміз» бейнероликтер байқауы Әр бір сайысқа оқушылар белсene қатысты. Апта сонында фестивальдің жабылу салтанаты болды. Жабылу салтанатына Қостанай мемлекеттік педагогикалық

институтының Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, тарих магистрі Елкей Нұрлыбек Нұрланұлы шақырылды. Кездесу барысында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүргізіліп жатқан жұмыстармен таныстырып өтті. Оқушыларды еліміздің патриоты болуға шақырды. Фестивальдің жабылу салтанатында әсем ән шырқалып, күмбірлеген күй ойналды. Фестиваль сонында сайыстарға қатысқан оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.

Мектеп әкімшілігі

БІЗДІҢ МЕКТЕПТЕ БУККРОССИНГ!

**Ақпан айынан
бастап Қазақстан
Республикасының
Президенті Нұрсұлтан
Назарбаевтың
«Болашаққа бағдар:
рухани жаңғыру»
бағдарламасы аясында
«Біздің мектептеде
буккроссинг» акциясы
откізуінде.**

Бұл шараның мақсаты көркем әдебиеттердің оқылымнан шығып қалмай, өз оқырманың табуына ықпал ету, оқушылардың кітап окуға деген сүйіспеншілігін арттыру.

«Буккроссинг» сөзін қазақшаға аударғанда «кітап сыйлау» немесе «кітаптың айналыста жүруі» деген мағына береді.

«Буккроссингтің» басты принципі: «Оқып болсаң басқаға бер»,

Ұраны «Бүкіл әлемді кітапханаға айналдырамыз»

«Буккроссинг»

кітапханаға
айналдырамыз»

«Буккроссинг» бүгінде бірегей қоғамдық қозғалыс болып табылады.

Оның мәні өте қарапайым: акцияға қатысушы адам өзі оқыған кітапты басқалардыңда окуы үшін қоғамдық орында калдырады екінші адам алған кітабын оқып шықкан соң дәл солай келесі адамдарға ұсынады.

Бірнеше кітап өз оқырманың талты. Акция әлі жалғасуда. Барлығына есте қалатын және қайталанбайтын имидж жасау үшін, біз әрдайым жеке стильді қалыптастыруға және қолдауға мұқтажбыз.

Бұл акцияда әрбір оқырман өзінің оқылған кітабын әкеліп, оны басқа кітапқа айырбастап алып кетуіне болады. Осы науқан күні кітапханаға 105 адам келді,

науқан күні кітапханаға 105 адам келді, қойылған кітаптар саны – 150 дананы құрады, оның ішінде 154 дана кітап жаңа оқырмандарын тапты. Бұл іс-шарада кішкентай балаларды көрү біз үшін үлкен қуаныш болды, балаларды окуга тартатын ата-аналар құрмет пен мадактамаларға әбден лайықты жандар. Осының арқасында балалар өз кітап талғамдарын қалыптастыра алады. Оқырмандар бір-бірмен кітаптар жайлы талқыласып, бір-біріне сұрақтар қойды. Міне, бұл іс-шарамыздың басты мақсаты болып табылады.

Олар тек кітап әкеліп кана қоймай, өздеріне керекті кітаптарын тапқаны бізді қатты қуантты.

Міне, Буккросинг біздің мектепте!

Осы 2018 жылдан бастап біздің мектепте буккроссинг аймағы пайда болды. Енді арнайы арналған орында оқушылар үзілісте кітаппен таныса алады және ұнаган кітапты окуға өзімен алуға болады. Кітаптармен алмасу ізгілігі балаларға ұнады. Оның бастысы - бөлісу қалауы, адамдарға кітап сыйлау, ал кітап - нағыз өмір.

*Шаяхметова Құндызыай
Мектеп
кітапханашысы*

«In harmony with the nature» экологиялық фестивалі

Халқымыз табиғатты анаға теңеген. Өйткені табиғатта тіршілік өсіп-өнеді. Өзіндегі барды адамға, жанжануарға, өсімдікке берген. Табиғатта басы артық ештеңе жоқ. Табиғат сырын терең білмей, оған немісіздік жақынайтын қарау үлкен апатқа соқтырады. Бір кездерде табиғатты бағындыруды мақсат тұтсып, ормандар аяусыз балталанды, аң-құстар шамадан тыс ауланды, жер жөнжосықсыз жыртылып, топырақта эрозия пайда болды. Соның салдарынан бүгінгі таңда адам баласына ядролық апаттан гөрі экологиялық апат аса үлкен қауіп төндіріп отыр. Міне осы сияқты мәселелерді қозғап, Ақпанның 13 – ші жүлдөзинде

Қалалық балалар шығармашылық мектебінде

«Жас ұлан» балалар және жасөспірімдердің



ұйымдастырумен «In harmony with the nature» атты экологиялық фестивалі өтті. Фестивальге қаланың барлық мектептерінен «Жас ұлан» белсенділері қатысты. Фестиваль аясында барлық экологиялық жанашырлары экологияны қорғаудың түрлі жолдарын айтып өтті. Фестиваль 3 кезеңнен тұрды. 1 кезеңі—

агитбригадалардың өздерін таныстырыуы, II кезең табиғи материалдан жасалған бұйымдарды көрсетіп, таныстыру, III кезең табиғатқа қауіп төндіріп жатқан экологиялық мәселелерді айтып өту. Фестивальдің ең қызықты сәті қатысуышылардың табиғи материалдарды қолданып жасаған бұйымдарын таныстырыу болды. Қағаздан, пластик бөтелкеден және тағы да басқа қалдықтардан жасалған бұйымдар көздің жауын алатын-

-дай жасалған. Ең пайдалы ең керемет жасалған бұйым ол казіргі өмірде қолданылатын ноутбуктің қызып кетпес үшін жасалған желдеткіші болды. Ал біздің мектеп оқушылары пластик бөтелкеден интерьере арналған керемет құмырадағы гүл жасап апарды. Пластик бөтелкеге екінші өмір сыйлас, мұндай гүлдерді әсемдік бұйым ретінде қолдануға болады. Міне осылайша барлық «Жас ұлан» ұйымдарының белсенділері өздерінің табиғаттың жанашырлары екендігін көрсетті.

«Жас ұлан» мектеп комитеті



1 Наурыз
Алғыс айту күні

Алғыс айту күні – бұл ең алдымен елімізде тыныштық пен өзара сенімділік, барлық қазақстандықтардың бір-біріне деген күрметтің орнығына негіз болатын идея.

Окушы шығармашылығы

Күн жылынды далада,
Көктем келді қалаға.
Наурыз тойын тойлаймыз,
Ән шашамыз айнала

Сапашев Ильяс,
2 «Ә» сыныбы

Барлығымыз қуана,
Той тойлаймыз ән салып.
Наурыз келсе құлпыраң,
Әсем үнмен сай-сала.

Кенжибекова Аяулым
2 «Ә» сыныбы



Би мен әнді шырқатып.
Табиғат тегіс оянды,
Қуанышпен үн қатып.
Сурабердиева Махаббат
2 «Ә» сыныбы

Құтты болсын, Әз Наурыз,
Жақсы тілек айтамыз.
Қабыл болсын баршаға,
Жаңа жылдың ол басы.

Иржанова Дильназ
2 «Ә» сыныбы

Мектебім бүгін тойлайды,



РДСРХЕРХСРХ

Ұйымның ұраны: *Біз өрендер тәуелсіз ел қыраны,*
Біліктеге самғау болсын ұраны.

Білім беру Ұйымы

Құттықтаймыйз



**Шаяхметова Құндызай Хамитқызы 10.02.
Жаканов Мұхтар Ақтілекұлы 01.02
Майшина Анара Қасымбековна 20.02
Серикова Айзада Алданышовна 05.02
Алгашбаева Манишук Бекасиловна 23.02**

Тілеймін бақытты өмір ашиқ аспан,
Жалғанда тілек бар ма одан асқан.
Аман бол жанұяң мен бауырларың,
Жалғансын ақ таңдарын нұрын шашқан!



Мекен-жайы: Қостанай қаласы,
Солтүстік-Батыс ықшамауданы, 49-
квартал, жер телімі 1

Телефон: 8-714-2-39-24-95
Эл. почта: sch15@kst-goo.kz



